

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ТЕҢІЗ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ
«МАШИНА ЖАСАУ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУ» КАФЕДРАСЫ

БУЛЕКБАЕВА Г.Ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

050732 – «Стандарттау, метрология және сертификаттау»,
5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология»
мамандықтары бойынша курстық жұмысты орындауға арналған
әдістемелік нұсқау

Ақтау 2012 ж.

УДК 658.362

Құрастырған Булекбаева Г.Ж. 050732 – «Стандарттау, метрология және сертификаттау», 5В073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандықтары бойынша курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау – Ақтау: Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012 ж. – 19 бет.

Рецензент: т.ғ.к. Джумагазиева Ш.К.

Әдістемелік нұсқауда курстық жұмыстың көлемі, мазмұны және жұмысты орындау тәртібі, курстық жұмыстардың мүмкін тақырыбы және қолданылатын әдебиет тізімі келтірілген.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012

Кіріспе

«Сапа менеджменті жүйесі» курсы 050732 – «Стандарттау, метрология және сертификаттау» 5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандықтары үшін кәсіби пән болып табылады. Студенттер бұл курс бойынша алған білімдерін өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету, өнімді және процестерді бақылау мен басқарудың статистикалық әдістері, өнімді сынау, бақылау және өнім қауіпсіздігі пәндерінен дәріс алу кезінде пайдалана алады.

Курсты оқыту мақсаты: Студенттердің кәсіпорындарда сапа менеджменті жүйелерін әзірлеу, құру және енгізу үшін білім алу.

«Сапа менеджменті жүйесі» курсын меңгерген студент мыналарды білуі тиіс:

1. Сапа менеджменті жүйесі туралы, сапа менеджменті жүйесінің негізгі элементтері туралы, сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және өндіру тәртібі туралы, кәсіпорында қолданылып жүрген жүйені талдау туралы, жүйені жақсарту туралы, сапа менеджментін басқару туралы;

2. ИСО сериясы бойынша халықаралық стандарттарды, нормативті құжаттар мен олардың белгіленуі мен қолдану мақсатын;

3. Нормативтік құжаттарды дайындау әдістері мен мақсаттарын;

4. Кәсіпорындарда сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және ендіру технологиясын.

Берілген пән бойынша орындалатын курстық жұмыс нормативті құжаттарды пайдалана білуін, нормативті–анықтама әдебиеттерін, өлшеу құрылғылары мен әдістерінің техникалық-экономикалық мәндерін өзіндік анықтай білуін, кәсіпорындарда қолданылып жүрген жүйені талдау туралы, даму перспективалары мен жүйені жақсарту туралы, сапа менеджментін басқару туралы білімдерін бекіте түседі.

1. ЖАЛПЫ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

1.1 Курстық жұмысты орындау мынадай этаптардан тұрады:

1. Тақырыпты таңдау

2. Курстық жұмысты орындау жоспарын әзірлеу

3. Курстық жұмысты орындау үшін стандарттар және басқа да материалдарды таңдау және сараптау

4. Жұмысты рәсімдеу

Курстық жұмыс «Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің курстық жұмысты орындау ережелерінің нұсқаулығына сәйкес» жасалады.

Курстық жұмыс эскиздері, схемалары, кестелері бар жазба бөлімінен және сызба бөлімінен тұрады. Жазба бөлімі 15-20 бет көлемінде А4 форматта рәсімделеді, ал графикалық бөлімі А1 форматта 1-2 бет көлемінде сызылады.

Курстық жұмыс компьютермен теріледі және А4 (210x297 мм) өлшемді форматты қағаздың бір жақ бетіне шығарылады. Курстық жұмысты орындау барысында кестелерді келтіруге болады. Текст форматталуы қажет. Принтер шрифтiсi қара түсті, таза болуы тиіс. Абзац жұмыстың барлық текстінде бірдей болуы тиіс. Бөлім атауы мен келесі текстiң аралығы үш интервал болуы тиіс. Сонымен қатар, бөлім атауы мен параграф арасына да үш интервал түсіріледі. Әрбір жаңа бөлім жаңа беттен басталады.

Компьютермен 14 шрифтiмен теріледі.

Курстық жұмыс текстi мына өлшемдердi сақтай отырып жазылады: сол жақтан -30 мм, оң жақтан -10 мм, жоғарыдан-20 мм, төменнен -25мм. Жұмыс көлемін толықтыра түсу үшін жазба бөлімінің соңында қосымшаларды тіркеуді (жинақтық сызбалардың спецификациясы, қорытындылар, сынаулар нәтижесіндегі қажетті құжаттар және т.б.).

1.2 Курстық жұмыстың құрылымы мен мазмұны

Курстық жұмыс мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Бастапқы бет;
2. Мазмұны;
3. Курстық жұмысқа тапсырма;
4. Кіріспе;
5. Негізгі бөлімдері;
6. Қорытынды;
7. Қолданылған әдебиеттер;
8. Қосымшалар.

Бастапқы бетке, яғни жұмыстың алғашқы бетінде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- жұмыс орындалған оқу орнының атауы;
- автордың тегі, аты, әкесінің аты;
- жұмыс атауы;
- ғылыми жетекшінің қызметі, тегі, аты-жөні;
- орындалған қала және жылы.

Бастапқы бет үлгісі 1-ші қосымшада көрсетілген.

Мазмұнына кіріспе, барлық бөлімдер, пунктер атаулары, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар енгізіледі. Курстық жұмыстың беттерінің барлығы нөмірленеді. «МАЗМҰНЫ» сөзі бас әріптермен орталық бөлікке жазылады, нөмірленбейді, бірақ аталған жұмыстың жалпы бетінің санына кіреді.

Курстық жұмыстың тақырыбы осы әдістемелік нұсқауда берілген тақырыптардың ішінен студенттің өз таңдауы бойынша алынады, сонымен қатар егер студент өзі тәжірибеден өткен мекемеден алған тақырыптарын таңдай алады.

2. ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІН ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1. Курстық жұмысты орындау үшін берілетін бастапқы ақпараттар

2. Жалпы сипаты

2.1 Бұйымның (қызмет көрсетудің) сипаты мен қасиеті

2.2 Өнім (қызмет көрсетудің) классификациясы

3. Өнім сапасын анықтау

3.1 Өнім (қызмет көрсетудің) сапасы туралы жалпы

мағлұмат

3.2 Сапа көрсеткіштерінің номенклатураларын анықтау

3.3 Өнім (қызмет көрсетудің) сапасының дәрежесін анықтау

3.4 Өнім (қызмет көрсетудің) дайындау сапасының

дәрежесін анықтау

3.5 Сапаны басқару этаптарының негізі

3.6 Сапа жүйесін қамтамасыз етудегі бастапқы мәндер

3.7 Сапаны басқарудың мазмұны және оның орындалуы

3.8 Бұйымға (қызмет көрсетуге) функциональдық сараптама

жасау

3.9 Өмірлік цикл үрдісі этаптарында өнімнің (қызмет көрсетудің) сапасын жоғарылату шараларын ұсыну

3.10 Сапа менеджменті жүйесін әзірлеу

4. Нормативті құжаттарды әзірлеу

4.1 Нормативті құжаттардың жобасын әзірлеу (мекеме стандарты, техникалық шарттар және т.б.)

4.2 Құжаттарға нормативті бақылауды жоспарлау және жүргізу

4.3 Техникалық құжаттардың сапасын бағалау

5. Өнімді (қызмет көрсетуді) сертификаттау

5.1 Өнім (қызмет көрсету) сертификаттау тәртібі және ережесі

5.2 Өнімді (қызмет көрсетуді) үлгілерін сертификаттау критерийлері және орындалуы

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

ҚОСЫМШАЛАР

Kіріспе курстық жұмыстың алғашқы, яғни бастапқы бөлімі. Кіріспе бөлімінде қарастырылып жатырған тақырыптың актуальдылығы көрсетіледі, сонымен қатар оның тақырыбы өнімнің (қызмет көрсетудің) сапасын жоғарылатуға, сертификаттау, метрологиялық қамтамасыз етуге арналады, курстық жұмыс мақсаты, объектісі, зерттеу әдістері көрсетіледі.

Курстық жұмыстың негізгі бөлімдерінде орындалған зерттеулер қорытындыларының негіздері және әдістері көрсетіледі, сонымен қатар тапсырманың маңыздылығы, нақты қорытындылары да қарастырылады.

1. Курстық жұмысты орындау үшін берілетін бастапқы ақпараттар

Курстық жұмысты жасауға арналған ақпараттар үш түрге бөлінеді: базалық, басшылық, ақпараттық.

1.1 Базалық ақпаратқа: мекемені басқару құрылымы, өнім (қызмет көрсету) туралы ақпараттар, сандық және сапалық сипаттамалары, бұйымның (қызмет көрсетудің) паспорттық ақпараттары, сыртқы түрі туралы ақпараттар, дайындау, сынау, консервілеу және т.б.

1.2 Басшылық және ақпараттық ақпараттар өндірістік тәжірибенің материалдары, қажетті техникалық шарттар, стандарттар, басшылық етілетін нормативті құжаттар, ИСО 9000...9004-тің, сонымен қатар 10005...10013 халықаралық стандарттары.

2. Жалпы сипаты

2.1 Бұйымның (қызмет көрсетудің) сипаты мен қасиеті

Бұл бөлімде бұйымның (қызмет көрсетудің) жалпы сипаты, қолданылу облысы, қолдану тәртібі, сонымен қатар бұйымның (қызмет көрсетудің) қысқаша тарихы көрсетіледі.

2.2 Өнім (қызмет көрсетудің) классификациясы

Өнімнің (қызмет көрсетудің) классификациясы мына нәрселерге байланысты:

- өнімнің (қызмет көрсетудің) белгілі бір тобының бірлік көрсеткіштерінің номенклатурасын таңдау.

- өнімнің (қызмет көрсетудің) қолдану аймағын анықтау.
- белгілі бір нақты бұйымды (қызмет көрсетуді) немесе бірнеше бұйымды (қызмет көрсетуді) базалық үлгі ретінде салыстыру.

Өнімді (қызмет көрсетуді) классификациялаған кезде оның түрі, тобы, класы өнімнің (қызмет көрсетудің) мемлекетаралық классификаторына сай көрсетіледі.

3. Өнім сапасын анықтау

3.1 Өнім (қызмет көрсетудің) сапасы туралы жалпы мағлұмат

Бұл бөлімде бұйымның (қызмет көрсетудің) сапасы туралы мағлұмат беру.

Тапсырмаларды шешу сипатына сәйкес өнімнің (қызмет көрсетудің) сапалық көрсеткіштерін анықтау. Сапалық бағалау кезінде бұйымның (қызмет көрсетудің) сапалық көрсеткіштерін анықтау. Ол үшін сапаны квалиметриялық бағалауды қолдану. Оның ішінде МЕМСТ 15467-79 бойынша көрсеткіштердің қайсысы бірлікке, топтыққа, жинақтыққа жататындығын анықтау.

3.2 Сапа көрсеткіштерінің номенклатураларын анықтау

Сапа көрсеткіштерінің номенклатурасы МЕМСТ 22851-72 бойынша анықталады.

Сапа көрсеткіштерінің номенклатурасын таңдау мына нәрселерге байланысты: белгіленуіне, тұтынушының талаптарының сараптамасына, төл құжатына байланысты сипатталып отырған нәрсенің құрамына, техникалық шартына, бақылау әдістеріне және сынауға.

3.3 Өнім (қызмет көрсетудің) сапасының дәрежесін анықтау

Өнім (қызмет көрсетудің) сапасы дәрежесін бағалау кезінде базалық өнімді (қызмет көрсетуді) таңдау қажет. Егер базалық үлгі болмаса немесе өнім жаңа болса, онда бұл жағдайда оған жақын ұқсас нәрсеге немесе стандарт, техникалық шарттарға сүйену қажет.

3.4 Өнімнің (қызмет көрсетудің) дайындау сапасының дәрежесін анықтау

Өнімнің (қызмет көрсетудің) дайындау кезіндегі сапалық дәрежесі нормативті –техникалық құжаттарының талаптарына пайдалана бастағаннан бері сай орындау. Сапа дәрежесін анықтау үшін өнімді (қызмет көрсетуді) дайындау кезіндегі ақаулық коэффициентін анықтау қажет.

3.5 Сапаны басқару этаптарының негізі

Студент сапаны қамтамасыз ету үшін не қажет екендігін анықтау қажет: жобалау, өндіріс және пайдалану. Сапаны басқарудың қандай этаптары қажет және оған қандай факторлар әсер ететіндігін анықтау қажет.

3.6 Сапа жүйесін қамтамасыз етудегі бастапқы мәндер

Бастапқы өндіріс жағдайына (технологиялық жабдықтар, тетіктер, құралдар, технолог, конструктор, жұмысшылардың біліктілігі), басқарудың жұмыс жасап тұрған жүйесі, технологиялық, конструкторлық құжаттар, стандарттар, техникалық шарттар, бақылау бөлімі жатады.

3.7 Сапаны басқарудың мазмұны және оның орындалуы

Бұйымның сапаны қамтамасыз ету этаптарының орындалуын схема түрінде беруге болады.

3.8 Бұйымға (қызмет көрсетуге) функциональдық сараптама жасау

Сараптау міндеті бұйымның функциональдық қасиетін анықтау қажет.

Функциональдық қасиеттерге мыналар жатады: механикалық, метрлік, кинемати-калық, динамикалық және энергетикалық.

3.9 Өмірлік цикл үрдісі этаптарында өнімнің (қызмет көрсетудің) сапасын жоғарылату шараларын ұсыну

Келтірілген құрылымдық немесе функциональдық сараптамаға сәйкес өнім немесе қызмет көрсетулер сапасын жақсарту шаралары ұсынылады.

Бұл шаралар конструкторлық және технологиялық құжаттарды өзгерту, технологиялық құбылыстарды өзгерту, белгілі бір

техникалық бақылау этаптарын анықтау, қосымша сынақ жүргізу болуы мүмкін.

Бұл бөлім сапаны басқару жүйесін ұйыдастыру кезінде қандай мәселелерді шешу керектігін анықтай түседі.

3.10 Сапа менеджменті жүйесін әзірлеу

ИСО 9000...9004-тің, сонымен қатар 10005...10013 халықаралық стандарттарына сәйкес сапаны басқаруға арналған жүйені таңдап, оған «Сапа жөніндегі басшылық сияқты» құжаттар дайындалады. Ол құжатта мақсаттар, міндеттер белгіленіп, белгілі бір процедуралар және нұсқаулықтар қолданылып, сынақ жүргізу бақылау бағдарламалары, процедуралар, өзгерістер, өлшеу әдістемелері көрсетіледі.

4. Нормативті құжаттарды дайындау

Бұл бөлімде бұйымға белгілі бір нормативтік құжат әзірлеу қажет. Өнім немесе қызмет көрсетудің құжаттарына нормалық бақылау жүргізу жоспарын, қателік классификаторын толтыра отырып, қажетті формаларды толтырып, нормалық бақылау жүргізу қажет.

Техникалық құжаттарға сапалық бағалау жүргізу.

5. Өнімді (қызмет көрсетуді) сертификаттау

Таңдалған өнім немесе қызмет көрсетулер үшін сертификат жүргізу тәртібі мен ережелерін жазу қажет; сертификаттау кезінде қолданылған нормативті-техникалық құжаттарды келтіру қажет; өнімді сертификаттау жұмысына арналған келісім шартты көрсету қажет.

Қорытынды

Қарастырылып жатырған өнім мен қызмет көрсетулер сапасына алынған қорытындылар бойынша шешім жасап, әрі қарай сапаны жақсарту үшін қандай шара қолдану қажет және оның қорытындысы қандай болатындығын, таңдалған өнімге қандай сертификаттау схемасы дәлірек келетіндігіне шешім жасай отырып, орындалған жұмыстың ғылыми және әлеуметтік тұрғыдан қарағандағы маңыздылығын анықтау қажет.

Қолданылған әдебиеттер

Қолданылған әдебиеттер ақпарат беруші әдебиеттер тізімінен тұрады. Тізімде жұмысты орындауға қолданылған барлық әдебиеттердің тізімі келтіріледі. «ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ» сөзі бас әріптермен орталық бөлікке жазылады, нөмірленбейді, бірақ аталған жұмыстың жалпы бетінің санына кіреді.

Әдебиеттер тізімі пайдалану тәртібі бойынша немесе алфавиттік тәртіп бойынша жасақталады.

3. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ГРАФИКАЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ ҮЛГІ МАЗМҰНЫ

- 1)Өнімнің (қызмет көрсетудің) сапа көрсеткіштерін салыстыру -1 бет;
- 2)Сапаны басқарудың негізгі этаптары - 1 бет;
- 3)Сапаны жақсарту жөніндегі шаралар – 1-2 бет;
- 4)Қысқартылған сапа менеджменті жүйесі - 1 бет.

4. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ҮЛГІ ТІЗБЕГІ

1. Шыны өндірісінің сапа жөніндегі басқару элементтерін әзірлеу
2. «OHSAS» бойынша құрылыс мекемесіндегі еңбекті қорғау
3. Мұнай-газ өндірісі бойынша сапа жүйесі элементтерін әзірлеу
4. Техникалық қызмет көрсету аумағындағы сапа жүйесі элементтерін әзірлеу
5. Медициналық қызмет көрсету аумағындағы сапа жүйесі элементтерін әзірлеу
6. ҚР-ның жанармай сапасына халықаралық стандартын енгізу
7. Қонақ үй комплексі үшін қызмет көрсетудің сапа менеджменті жүйесі элементтерін әзірлеу
8. Аяқ киім фабрикасының өнімді бақылауды басқару кезіндегі процедураларды бақылау элементтерін әзірлеу
9. Банк қызметі үшін сапа менеджменті жүйесі элементтерін әзірлеу
10. Мекеме жағдайында терезе блоктары өндірісінің сапа жүйесі элементтерін әзірлеу
11. Шыны өндірісі үшін сапа менеджменті жүйесі элементтерін әзірлеу

12. Машина жасау өндірісі үшін сапа менеджменті жүйесі элементтерін әзірлеу
13. Коммунальдық қызмет көрсету аумағындағы сапа жүйесі элементтерін әзірлеу
14. Кондитерлік өндірістің СМЖ-не сараптама жасау
15. Құрылыс мекемесіне аудит жүргізу
16. Лабораторияны аккредитациядан өткізу

5. КУРСТЫҚ ЖҰМЫС БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі
2. Өнім сапасы көрсеткіштерінің классификациясы мен құрамы
3. Өнім сапасына әсер ететін факторлар
4. Жүйелі тәсілдің пайда болуы
5. Сапа параметрлерін зерттеу
6. Сапа жөніндегі Саясатты әзірлеу
7. TQM негізгі мақсаттары және оның ИСО 9000 бойынша сапа менеджменті жүйесімен өзара байланысы.
8. ИСО 9000 халықаралық стандарттарының құрылымы.
9. ИСО 9000:2005 бойынша негізгі ұғымдар мен анықтамалар.
10. Сапа менеджменті жүйелерінің қажеттігін негіздеу
11. СМЖ-не қойылатын талаптар
12. СМЖ-нің жүйелі тәсілі
13. СМЖ-не қатысты процестік тәсіл
14. Сапаны басқару жүйесінің негізгі талаптары
15. Сапаны басқару аспектілері мен қызметтері
16. Сапаны басқарудың құрылымдық және функционалды сұлбалары
17. Сапаны қамтамасыз ету модельдері. Сапаны бақылау
18. Саясатты әзірлеу кезінде ұйымның мақсаттары мен міндеттері
19. Сапа бойынша басшылық құрылымы.
20. Басшы жауаптылығы
21. СМЖ-дағы құжаттаманы және жазбаларды басқару
22. Ресурстар менеджменті. Өнім өндірісі.
23. Өлшеу, талдау және жақсарту
24. СМЖ құжаттамасы жүйесінің құрылымы мен иерархиясы

25. СМЖ құжаттамасы. СМЖ әзірлеу, ендіру және оның жұмыс жасауы кезіндегі әрекеттер
26. Деминг-Шухарт циклі және процестік тәсіл
27. СМЖ-не процестік тәсілді ендірудің әдіснамалық негіздері. Менеджментке жүйелі тәсіл
28. Өнімді әзірлеу, жинақтау, өндіру, жаңарту, өткізу, пайдалану, оған сервистік қызмет көрсету және пайдаға асыру процестерін электрондық сипаттаудың компьютерлендірілген технологияларын қолдану.
29. Сапаны басқарудың құрылымдық және функционалды сұлбалары.
30. Сапа көрсеткіштері бойынша технологиялық процестерді басқару
31. Аудит шарттары. Аудит жоспары. Аудит құжаттамасы.
32. Түзетуші және ескертуші әрекеттердің жоспары.
33. Сапа жүйесінің сыртқы аудиті. Сапа жүйесін сертификаттау.

Әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Степанов С.А., Щербаков А.Ю., Ященко В.В. Система менеджмента качества. Учебное пособие – СПб: Изд-во СПбГЭТУ «ЛЭТИ», 2003, 64с.
2. Аристов О.В. Управление качеством. Учебное пособие для вузов. – М: ИНФРА-М, 2006, 240 б.
3. Аскарлов Е.С. Управление качеством. Учебное пособие. - Алматы: Домино, 2007, 256 с.
4. Васильев В.А., Каландарашвили Ш.Н., Новиков В.А., Одинокоев С.А. Управление качеством и сертификация. -М.: Интернет Инжиниринг, 2002, 414 с.
5. Минько Э.В., Кричевский М.Л. Качество и конкурентоспособность. - СПб.: Питер, 2004, 267 с.
6. Никитин В.А., Филончева В.В. Управление качеством на базе стандартов ИСО 9000: 2000. 2 изд. - СПб.: Питер, 2004, 127 с.
7. Пономарев СВ., Мищенко СВ., Белобрагин В.Я. Управление качеством продукции. Введение в систему менеджмента качества. Учебное пособие. -М.: РИА «Стандарты и качество», 2004, 245 с.
8. Бейсова Р.С., Аудит качества. Учебное пособие. – Ульяновск: УлГТУ, 2006, 66с.

Қосымша:

1. Аскарлов Е.С. Стандартизация, метрология и сертификация. Учебное пособие. - Алматы: Домино, 2005, 276 с.
2. Деминг.Э. Выход из кризиса. -Тверь, Альба, 1994, 497 с.
3. Иняц Н. Современная история качества. Под общей ред. Ю.В.Василькова и Н.Н.Аниськиной / пер. с хорватского / -М.: РИА «Стандарты и качество», 2003, 224 с.
4. Кросби Ф. Качество и я. Жизнь бизнесмена в Америке. -М.: РИА «Стандарты и качество», 2003, 264 с.
5. Менеджмент систем качества. Учебное пособие/ М.Г. Круглов, С.К. Сергеев, В.А. Такташов, В.Г. Фирстов, Г.М. Шишков. М.: ИПК Издательство стандартов, 1997, 368с.
6. Аскарлов Е.С. Статистический контроль точности и стабильности производственного процесса. Методические указания к выполнению самостоятельной работы на ЭВМ. Алматы: КазНТУ, 1994, 23 с.

7. Методические указания к курсовым работам по дисциплине «Метрология, стандартизация и сертификация», Тусупбекова Г.М. , КазНТУ, 2004, 40 с.

Қосымшалар

Қосымша 1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ТЕҢІЗ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ
«МАШИНА ЖАСАУ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУ» КАФЕДРАСЫ

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «_____»

Пәні _____

Мамандығы _____

Орындаған : __ курс студенті _____

Ф.А.Ж.

Жетекшісі: _____

Ф.А.Ж.

Қолы

Курстық жұмыс 20__ жылдың _____ қорғалды
бағасы _____

Ақтау, 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕҢІЗ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

«МАШИНА ЖАСАУ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУ» КАФЕДРАСЫ

Пәні _____
Мамандығы _____

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС ТАҚЫРЫБЫ

Студент _____
студенттің толық Ф.А.Ж.

Тақырыбы: _____

Негізгі сұрақтары:

1)

2) _____

3) _____

Негізгі әдебиеттер:

Курстық жұмыс көлемі: _____ бет

Курстық жұмыстың тапсыру мерзімі 20__ _____ дейін

Курстық жұмыс жетекшісі: _____ Ф.А.Ж.

ҚОЛЫ

_____ 20__ ж.

Мазмұны

КІРІСПЕ.....	3
1. ЖАЛПЫ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ.....	4
2. ЖҰМЫСТЫҢ БӨЛІМДЕРІН ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ.....	6
3. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ГРАФИКАЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ ҮЛГІ МАЗМҰНЫ.....	11
4. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ҮЛГІ ТІЗБЕГІ.....	11
5. КУРСТЫҚ ЖҰМЫС БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ....	12
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	14
ҚОСЫМШАЛАР.....	16

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 19 бет 1,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.